

<b>Жарғы</b>	
<b>Жоба атауы:</b>	«Жол қауіпсіздігінің жаңа деңгейі»
<b>Бастамашылар:</b>	Л.Қасымхан М.Берсебаева С.Амангелдиев Ф.Мағзум Т.Мұсахан
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2021 жылдың 21 қаңтар – 1 маусым аралығы
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<p><b>1.Инфрақұрылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы</b></p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1055 қаулысының 5 тармақшасы: <i>Тиімді және бәсекеге қабілетті көлік инфрақұрылымын құру, транзитті және көлік қызметтерін дамыту, технологиялық және институционалдық ортаны жетілдіру арқылы экономикалық өсуге және ел халқының өмір сүру деңгейін арттыруға жәрдемдесу.</i></p> <p>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәліметінше 2020 жылы Республика бойынша 464 жол-көлік оқиғасы болып, 91 адам көз жұмды. 520 жолаушы түрлі дәрежеде жарақат алған. Жол қауіпсіздігіне жауапты мекемелердің мәліметінше, 2020 жылы елде жол ережесін бұзудың 5 миллионнан астам дерегі тіркелген.</p>
<b>Жобаның өнімі</b>	Әлемдік стандартқа сай «боллард» жылжымалы шлагбаум.

<b>Жобаның SMART мақсаты</b>	<b>2021- жылға Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, Амангелды- Үдербай көшелерінің қиылысына, жол жүру ережесін сақтау үшін, асфальтқа 0,9 метрлік автоматтандырылған кедергі орнату.</b>
<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жамбыл облысы әкімі аппаратынан «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы бойынша жобаға қолдау табу;</li> <li>2. Жамбыл облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына жобаны жүзеге асыруға қажетті соманы көрсете отырып, бюджеттік өтінім жасау;</li> <li>3. Жоба жүзеге асатын кезде орнатылатын қондырғыларды Жамбыл облысы полиция департаментінің балансына беру;</li> <li>4. Мойынқұм ауданы бойынша жол жүру ережесін сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу;</li> <li>5. Орнатылған жүйенің критерийлері анықтау, мердігермен келісу;</li> <li>6. Оң нәтиже берген жобаны Жамбыл облысының басқа аудандары мен Тараз қаласы әкімдіктеріне ұсыну.</li> </ol>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	<p>Жоба жүзеге асқан жағдайда, күтілетін нәтиже:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Адам өмірінің қауіпсіздігі 100 %</li> <li>2. Жол апатының азайуы 100 %</li> <li>3. Жол ережесінің сақталуы 100 %</li> </ol>
<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жамбыл облысы әкімдігі;</li> <li>2. Жамбыл облысының полиция департаменті;</li> <li>3. Жамбыл облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы;</li> <li>4. Мойынқұм ауданы әкімдігі;</li> <li>5. Аудандық жергілікті полиция бөлімі;</li> <li>6. Мердігер;</li> <li>7. Мойынқұм ауданының тұрғындары мен қонақтары.</li> </ol>

<b>Жобаның шектеулері</b>	2021 жылдың 21 қаңтар – 1 маусым айы аралығында құны 40,0 млн теңгені құрайтын жоба
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Қаржының бөлінбеуі;</li><li>2. Бөлінген қаржының жобаны жүзеге асыруға жетпей қалуы;</li><li>3. Мердігердің барлық критерийлер бойынша ақпараттық жүйені құрастырмауы (сапасыз ақпараттық жүйе);</li><li>4. Ұсынылған критерийлер бойынша ақпараттық жүйені құрастырушы мердігердің табылмауы;</li><li>5. Жамбыл облысы әкімі аппаратының жобаны қолдамауы.</li></ol>